



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

15 мамыр
сенбі

№38 (1740)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІ САТЫЛМАЙДЫ

Қазақ баласы үшін жер мәселесі жаннан қымбат екенін алыс-жақын көршінің бәрі жақсы біледі. Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын орда, Түркі қағанатының тұсында да Ұлы даланы мекен еткен бабаларымыз жан мен жер саудаға түссе, ойланбастан жерді таңдаған. Кешегі Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары да ата-бабадан қалған жеріміздің бар байлығы тек қазаққа тиесілі екенін айтқан. Соңғы кезде жер мәселесі қайта көтеріліп, шетелдіктерге сату, жалға беру туралы айтыла бастады. Бұл өз кезегінде намысы бар қазақтың тамырында ағып жатқан қанын тулатты. Мәселенің мәнісіне үңілген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы аптада бұл мәселеге біржолата нүкте қойды.

«Ақ орданың» баспасөз қызметі Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойғанын хабарлады.

Оқырманға түсінікті болу үшін мәселенің мән-жайын тарқатып айттық. 2016 жылғы 6 мамырда ҚР Президентінің Жарлығымен ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік компанияларға, сондай-ақ шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға жалға беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына жеке меншікке беруге мораторий енгізілген болатын. Құжат бойынша мораторий мерзімі осы жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. Қазақстан Президенті осыны назарға алып, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заңнама жүзінде біржолата тыйым салуды тапсырды.

Көп ұзамай Президенттің жерге байланысты заң жобасын Парламентке жібергені мәлім болды. Онан соң Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлдап, Мәжіліс Сенатқа жолдады. Сенат бұл заң жобасын талқылап, Мәжіліске



қайтарған еді. Мәжіліс жерлі шетелдіктерге сатпау туралы құжатқа Сенат енгізген өзгерістермен келісті. Бұл заң бойынша ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына, халықаралық ұйымдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға жеке меншікке және жалға беруге тыйым салынады. Осылайша ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану құқығы тек Қазақстан азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ заңды тұлғаларға берілетін болды.

Қазақстан Президенті әуел бастан жеріміздің шетелдіктерге беруге болмайтынын кесіп айтты. Мемлекет басшысының «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сак дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары

көне заманның өзегінде жатыр», – деп қазақтың сайын даласы ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан ғайыр атырапты алып жатқанын тағы бір мәрте еске салды.

Мақаламызды Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұл жымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет», – деген сөзімен аяқтағанды жөн көрдік.

Ә.ЖҰМАДИЛДҰЛЫ

■ ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

«Қалада атқарылған іс аз емес. Дегенмен жасалатын жұмыста жеткілікті. Облыс орталығы өзгерлерге өнеге болуы тиіс. Қала халқының түйткілі тарқамаған мәселесі болмауы керек». Қала әкімдігінің мәжіліс залында өткен аппараттық жиында шаһар басшысы Ғанибек Қонысбекұлы осылай деді.

Бұл жолғы өткен жиында да төрт мәселеге назар аударылды. Алдымен алдағы уақытта болатын халық санағы. Екінші, қаладағы «қызыл сызық» талабын сақтамай салынған нысандар. Үшінші, мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары және соңғы мәселе қала бойынша саналы ауыз су мен кәріз жүйелерінің жағдайы туралы айтылды.



ҚАЗАНТАЕВ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫЛАРҒА ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЙДЫ?

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Халық санағын өткізуге дайындық жұмыстарының барысы туралы облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Бакеева баяндама жасады.

Оның айтуынша, халық санағын күз айларында өткізу жоспарланып отыр. Санақты жүргізуге қажетті қала, кент және ауылдық округтерінің сызбалық картографиялық материалдары дайындалған. Сондай-ақ қала орталығында көше атауларының өзгергендігі мен үй нөмірлерінің қойылмауы санақ кезінде қиындық туғызуы мүмкін екені айтылды. Сондықтан үй нөмірлерінің нақтылануы қажет екенін қаперге салды. Ұлттық халық санағын жүргізуге қала бойынша 519 адам уақытша жұмысқа тартылды. Тағы бір атап

өтерлігі, қала аумағында жұмыс жасап жатқан шетел азаматтары мен орналасқан шетел кәсіпорындарының мекен жайы мен вахталық кенттердің тізімі нақтылануда. Санақтың дайындық кезеңінде тұрғын үй қорларының статистикалық тіркелімі де әкімшілік базасында салыстырылуда деп атап өтті.

Биылғы халық санағының бір ерекшелігі, ақпараттық технология арқылы онлайн режимде өткізілуінде болып отыр.

Қала әкімі дербес бөлім басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне маусым айына дейін қалада және ауылдық елді мекендерде, саяжайларда құрылыс жанадан салынған тұрғын жайлардың, мөлтек аудандардың көше атауларының және олардың реттілік нөмірлерінің берілуін, сонымен қатар талапқа сәйкес ілінуін қамтамасыз етуді жүктеді.

2 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуіліңіз тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

Әлемді әбігерге салған коронавирусты індеттің салдарынан оқушылардың қашықтан білім алып жатқаны белгілі. Мұндай кезеңде соңғы қоңырау қалай өтеді?

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Баласы мектеп бітіретін әрбір ата-ананы осы сұрақ толғандырып жүргені сөзсіз. Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте биыл соңғы қоңырауға тек мектеп бітіруші 11 және 9 сынып оқушылары мен ата-аналары қатысатынын мәлімдеді.

– Соңғы қоңырау шарасы мектеп ауласында, қарапайым түрде өтеді. Шараны өткізу барысында әлеуметтік арақашықтық 1,5-2 метр аралығы сақталады. Оған қоса оқушылардың барлығы медициналық маскамен келуі тиіс, – деді білім басқармасының басшысы.


Мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсыру шарасы «Тәуелсіздік ұлдары» тақырыбымен жылдағыдай 12 маусым күні өтеді. Шараға түлектердің мектеп формасымен қатысуы талап етіледі. Оқушылардың мектеп бітіру кешін үйде, жалдамалы үйде, кафе-ресторанда өткізуіне және көртерке шығуына рұқсат етілмейді. Сондай-ақ педагогтарға сыйлық алуға оқушылар мен ата-аналардан қаржы жинауға қатаң тыйым салынады.

«Ақмешіт-ақпарат»

■ САРАПТАМА

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ КІМГЕ КЕРЕК?

Соңғы он шақты жыл көлемінде қаланы көркейту, қоғаландыру, тазалығын қалыпта ұстау мәселесіне ерекше ден қойылып, тиісті шаралар қолға алынған еді. Әсіресе, желді аймақтың тазалығын сақтау басты талап болатын. Содан бері осыныша уақыт өтсе де бұл мәселе күн тәртібіндегі өзектілігін жойған жоқ. Қазір Қызылорда таза қалаға айналды. Дегенмен түйткілді мәселе әлі де баршылық.



Осы он жыл шамасында қала тазалығына жауапты «Қызылорда тазалығы» мекемесі тұрақты жұмыс істеп келеді. Негізі 2013 жылы құрылған мекеменің қысы-жазы атқаратыны облыс орталығын мұз бен қардан, қоқыстан тазарту, одан бөлек көшелерді жуып, шаю, су себу секілді қызметі бар. Мұның бәрін атқарып жүрген техника мен тазалықшыларды қала көшелерінен кездестіруге қиын емес. Десе де аталған мәселе әлі де бір жолға қойылмаған.

Иә, қала орталығының мұнтаздай тазалығымен барлық аумаққа баға бере алмаймыз. Себебі, қоқыс алаңына айналған аумақ шаһарда жетерлік.

3 БЕТТЕ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



The Washington Post

ҚҰДЫС ҚЫРҒЫНЫ

Соңғы жылдары әлемнің әр түпкірінде елішілік кикілжің, ұлтаралық қақтығыс, трансшекаралық табиғи ресурстар үшін тартыс жиі байқала бастады. Әсіресе, жана жанжал ошағына айналған Израиль-Палестина арасындағы әскери-саяси іс-қимылдар Таяу Шығыстағы кезекті қанды қасап майдан нүктесін белгілеуі ықтимал. Себебі күрестің басталғанына апта болмай, бір-біріне әуе соққысын жасап, бітімге келу ниетінен айныған қос тарап шиеленістің әзір басылмайтынын аңғартты. Екі оттың ортасындағы киелі мекен Құдыстың (Иерусалим) да ахуалы мәз емес. Шаһар толы толқу, екі күннің бірі ереуіл...



Осыған орай халықаралық қатынас саласының білгірі, танымал тілші Мириам Бергер «The Washington Post» басылымының бейсенбілік санына «Ішкі майдандағы күтпеген күш» атты мақала жариялады. «Оқиғаның шығу себебі неде?», «Тұрғындар зардап шекті ме?», «Алдағы нәтиже қалай болмақ?» деген сауалды арқау еткен автор мақаланың өзегін шаһардағы араб пен еврейдің ғасырлар бойғы шиеленісінен іздеген. «Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыс эскалациясына елдегі араб азаматтарының қолымен жасалған ереуіл себеп болды. Ескеру керек, бұған дейін арабтар көп шоғырланған аумақта «оккупацияланған аумақ» ұраны естілгенмен, мемлекет ішінде ауқымды ұлтаралық жанжал соңғы онжылдықта болмаған-тұғын. Сондықтан Израиль билігі көпке дейін ішкі мәселе туындамай, тек сыртқы күшпен алысып келді. Алайда апта басында жағдай күрт өзгеріп, ұлтаралық қақтығыс негізгі мәселенің біріне айналған. Оған себеп – күштеп қоныс аудару туралы сот шешімі» – деген мақалада.

Автор ықшамдау амалымен ауқымды шиеленіске түрткі болған сот шешімін тарқата алмаған. Сондықтан оқиғаның толық мазмұнын анықтау үшін қолда бар мәліметпен толықтыра кетейік. Сот шешіміне қатысты оқиғаның мәнісі мынада. Бұған дейін бір топ израильдіктер еврей қауымдастығына тиесілі жерге палестиналықтардың үй салғанын айтып, сотқа шағымданған болатын. Ал палестиналықтар аталған аумақ «өз жеріміз, Израиль оккупация нәтижесінде жаулап алған» деп қасарысқан еді. Көп ұзамай жергілікті сот сол даулы аймақтан – Құдыстың Шейх-Джарах ауданынан палестиналықтарды күштеп көшіру туралы шешім қабылдап тынды.

Алайда сейсенбі күні қаулыға наразы арабтар көшеге шығып, шешіммен келіспейтінін білдірген. Артынша қаладағы еврейлер «өз жерін қорғау» ұранымен арабтарға қарсы шығып, оқиғаға полиция қосылды. Амалсыз шешуді тарту үшін тәртіп сақшылары көзден жас ағызатын газ бен резеңке оқ жаудыруға мәжбүр болған. Күш қолдануға қарсылық есебінде шерушілер де қарап тұрмай, тонап, мүліктерді өртеп, бейбастық жасаған. Ресми дерекке сүйенсек, оқиғадан 200-ге жуық адам зардап шегіп, бас прокурор мәселені жоғарғы сотта тыңдау ісін кейінге шегеріпті.

Міне, осылайша Құдыста басталған ұлтаралық қақтығыс тұтас елге жайылып, өңірлерде арабтарды қудалау, мешіттерге шабуыл жасау, мүлкін өртеу әрекеті белен алды. Мақала авторы бүркеншік атпен жариялаған Израильдің Рамла қаласының тұрғыны Юсеф те нақты ахуалды бүкпесіз суреттеген.

«Шынайы кейіпкерлер мен куәгерлер ғана шындықты аша алады. Соның бір кілті – Юсеф. «Мұнда соғыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз» деген ол жергілікті полицияның әсіредіңшіл еврейлерді дер кезінде тоқтатпағанына налыды. Себебі діни фанатизмге бой алдырған еврейлер жергілікті арабтарды соққыға жығып, мешіттерге шабуыл жасаған. Әлеуметтік желіде Рамладағы еврейлердің арабтар мінген автокөліктерге шабуылдаған бейнежазбасы тарағанын байқауға болады. Ал халықаралық әуежай маңындағы Лод қаласында керісінше, арабтар бірнеше синагоға мен дүкендерге шабуыл жасаған. Мұнда сәрсенбі күні қару ұстаған еврейлер көбейіп, өзге өңірлерден келіп қосылғандар заңсыздықты үдете түскен. Жергілікті арабтар болса, қауіпті топқа суық қару пайдалану арқылы тосқауыл қоюға тырысқан сынайлы. Осындай тізбекпен қақтығыс Израильдің Хайфа, Акко, Сахнин секілді қалаларына да жетіпті. Сәрсенбіде Израиль Премьер-министрі Биньямин Нетаньяху Лод шаһарындағы қақтығыстан 25 жастағы израильдік араб қаза тапқан соң төтенше жағдай жариялап, жолға арнайы блокпосттар қою арқылы азаматтардың қалаларға кіру-шығуын тежеген».

4 БЕТТЕ

ҚАЗАНТАЕВ

ҚАРАМАҒЫНДАҒЫЛАРҒА ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЙДЫ?



ҚОЖАХМЕТОВ ҚАЗАНТАЕВҚА НЕНІ БАЯНДАДЫ?

Жасыратыны жоқ, «Көрмейін десем көзім бар» демекші қала орталығында қисынсыз салынған нысандарды көріп қаламыз. Бұл не себепті бұлай салынды, бұған кім кінәлі? Әрине, арнайы мекемелердің бақылауы болуы қажет. Біреу тойып секіреді, біреу тонып секіреді демекші оған түрлі себеп бар. Біреу біліп, екіншісі білмей салуы мүмкін. Оны барып бұздырта салмас бұрын жан-жақты зерделеу қажат. Бастысы, тұрғынның жұмсаған қаржысы мен өткен еңбегі зия кетпеуі керек. Қазантаев қадап айтқан сөздің негізгі аурасы осыған саяды. Әкім елдің жайын бағамдап айтып отыр. Онысы құптарлық әрине. Ал оған жауапты қадағалаушы органдардың қандай уәжі бар? Қалада қанша нысан «қызыл сызыққа» өтіп кеткен.

Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Ғабит Қожахметовтің айтуынша, өткен жылы заңнама талаптары бұзылып салынған 52 кәсіпкерлік нысан анықталды. Оған облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына тиісті ақпарат беріліп, нәтижесінде 10 кәсіпкерлік нысанға хаттама толтырылып, бюджетке 978,3 мың теңге айыппұл өндірілді. Сонымен қатар 5 кәсіпкерлік нысан бойынша нұсқама берілді. Жер учаскесін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбай отырған 15 нысан бойынша облыстық жерді пайдалануды реттеу

және бақылау басқармасына мәліметтер жолданған. Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі тиісті ескертпелерді орындамаған 2 нысан бойынша сотқа талап арыз түсіріп, 3 нысан бойынша сотқа жолдауға тиісті құжаттар әзірленуде. Сонымен қатар қала аумағында орналасқан 74 дүңгіршектің заңсыз орнатылғандығы анықталып, өткен жылы 21-і, биылғы 4 айда 2 дүңгіршек алынып тасталды. Бөлім басшысы өз баяндамасында қаланың сәулеттік келбетін жақсартуда жүргізілген мониторинг шаралары тұрақты түрде өткізіліп жатқандығы жайында атап өтті.

Қала әкімі шаһар келбетін кетіретін заңсыз салынған нысандарды түбегейлі ретке келтіруді тапсырып, оның орындалуы өз бақылауында болатынын жеткізді.

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫН ӨТЕУ – АЗАМАТҚА ПАРЫЗ

Әр адамда Отан жалғыз, жүрек жалғыз. Ал соны шынайы сүю, таныммен түсіну рухы мықты жанның ғана қолынан келетін іс. Аппарат мәжілісінде қаралған үшінші мәселеде осы төңіректе өрбиді. Мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары туралы қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы Руслан Намазбаев хабарлады. Басқарма бастығының сөзіне, қаладан көктемгі шақырылымда 60 азамат әскер қатарына алынып, бұл жақетті мөлшердің тек 29,8 пайызын құраған. Сонымен бірге әскери борышын өтеуден себепсіз жалтарып жүрген 119 азамат қалалық полиция басқармасының іздеуіне іліккен. Сонымен қатар басқа өңірге қоныс аударған азаматтар да бар

екен. Кейбір ата-аналар балаларының мекен жайын нақты білмейтінін басқа жаққа жұмысқа кеткенін алға тартады. Әрине, бұл бұлай қарағанда түсінуге болатын шығар. Бірақ азаматтың өзі үшін ұят нәрсе. Өйткені әскерге барудан жалтарып жүрген жігіт отбасы жауапкершілігін қалай аркалап жүрмек?

Тиісті жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра алмаған басқарма басшысының жұмысын сынға алған қала әкімі «Көктемгі мерзімді әскери қызметіне шақырудың тапсырыс көлемі 201 азаматты құрап отыр. Берілген жеңіні 100%-ға жеткізу қажет» екенін қадап тапсырды. Отан кент және ауылдық округ әкімдерінің де бірлесе жұмыс жүргізу керектігі жүктелді. Қалалық полиция басқармасына белгісіз себептермен әскерге шақыру комиссиясынан жалтарып жүрген азаматтарға іздеу жұмыстарын әлде де күшейтіп, заңға сәйкес шаралар қабылдауды міндеттеді.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ, БІРАҚ...

Судың да сұрауы бар. Соңғы қаралған мәселе шаһар аумағындағы сапалы ауыз су мәселесі жайлы болды. Қазір қалада судың жиі тоқтауы көбейіп кетті. Онымен қоса лай судың ағуы да тұрғындар наразылығын тудыруда.

Мәселенің жай-жапсарын қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев тарқатты.

Сәуір айына дейін тұрғындар тәулігіне 40-42 мың текше метр ауыз су тұтынып келсе, сәуір айынан бастап ауыз су пайдалану көлемі 75 мың текше метрге жетіп, су қысымының төмендеуіне әкелгендігі анықталған. Тұрғындардың ауыз суға төлемі көбейіп кеткені өзекті мәселеге айналып отыр.

– Адам жарықсыз күн кеше алады. Ал сусыз бір сәт те шыдай алмаймыз. Соны түсінетін уақыт жетті. Талаптың төмендігінен қарыз қайтарып отыр. Бұл – су жүйесі мекемесіне тиісті жұмыс. Сонымен қатар қарыз жүйелерінің де жұмысынан жиі ақау шығады. Осыны дер кезінде шешуді тапсырамын. Судың сапасына мән беріп, қысымын қадағалап, бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру керек. Қала аумағындағы көріздік насостық стансалардың қазіргі сыртқы келбеті мен айналасындағы тазалық жағдайына назар аударып, айдың аяғына дейін ретке келтіру керек, – деді қала басшысы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

Қаланың іргесіндегі Тасбөгет кентінде ел игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бір өзінде бір ауданның халқы тұратын кентте жыл санап жол мәселесі шешіліп келеді.

ЖОЛ ЖӨНДЕЛСЕ ЖАҚСАРАДЫ

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Тасбөгет кентінде жалпы ұзындығы 78 шақырымды құрайтын 52 көшенің 35 көшесі асфальтталса, 14 көшесіне малта тас төселген.

Кенттің жанадан қалыптасып келе жатқан аумағындағы 15 көшеге малта тас төсеу үшін қала бюджетінен қаржы сұратылып, бөлінген қаражат есебінен өткен жылы жобадағы 12 көшеге тас төселді. Қалған 3 көше бойынша тиісті жұмыстар жалғасуда.



Тасбөгет кентінің әкімдігі берген мәліметке сүйенсек, бүгінгі күнге дейін кенттегі 18 көшені жөндеу үшін облыс және қала бюджеттеріне өтінім тапсырылған. Осы негізде үстіміздегі жылы қала бюджетінен 3 көшеге, жергілікті бюджеттен үнемделген қаржыдан 2 көшеге жетерлік мөлшерде қаражат бөлініп, қиыршық тас төсеу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып отыр. Конкурсы нәтижесі бойынша мердігер мекеме анықталған соң, тиісті жұмыстар қолға алынатын болады, – дейді кент әкімі Семсер Сыздықов.

Біз мақала әзірлеу барысында тұрғындарды да сөзге тартқан едік. Сәрсен Аманбайұлы соңғы кезде Тасбөгетке қаладан кем көніл бөлініп жатқан жоқ десе, Тұрашқұл Қаймулдинова жолдың жақсарғанын тілге тиек етті.

– Барды бағалау керек. Бұрын адам айтса нанғысыз көшеде жүрдік. Көктем, күз мезгілдерінде балалар мектепке әзер қатынайтын. Ал қазір бәрі басқаша. Бізге осындай жарқыратып жол салып берген ел басшылығына аналық алғысымыз айтамын. Қасиетті Құран кәрімде де жол салғанын сауабы мол болатыны жазылған. Ел игілігі жолында жасап жатқан ілкімді істерге дән ризамыз, – дейді кент тұрғыны Тұрашқұл Қаймулдинова.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес қаланы аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында арық жүйелерін тазалау, насос қондырғыларын қайта орналастыру жұмыстары қарқынды жүрде.



АРЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУДЕ

Қызылорданың орталығындағы арық жүйелері 20 сәуірден бастап Жібек жолы және Сарқырама магистралы арқылы аяқ сумен қамтамасыз етілді.



Сырдария өзенінде су деңгейінің күрт төмендеуіне байланысты қаланы аяқ сумен қамтамасыз етуші насос қондырғыларын қайта орналастыру жұмыстары жүргізілді. Яғни қондырғылар бастапқы орнынан ауыстырылып,

ластырып, іске қосылды. Бұдан бөлек, «Сыр ана» монументінің жанындағы насос құрылысын да қайта орналастыру жұмыстары жүргізілген.

Дәл осы насос құрылыстарының көмегімен аяқ судың арна-

ларға, арық жүйелеріне түзел жетуі қамтамасыз етілуде.

Арық жүйелері жеке тұрғын үйлердің бойынан өтеді. Ал тұрғындар су жүретін арналарға түрлі тұрмыстық қатты қалдықтарды тастаған. Соның салдары арық жүйелерінің көміліп, аяқсудың жүруіне кедергі келтіруде.

Қазіргі таңда мамандар тазалау жұмыстарын жүргізуде және бұл жұмыстар қала орталығынан тыс аумақтарда да жалғасын таппақ.

Жалпы қала бойынша ұзындығы 54,6 шақырым арық жүйелері мен 31,3 шақырым болатын 20 арна бар. Арналар бойына қаланы аяқ сумен қамтуға арналған 13 насос қондырғылары орнатыла, қосымша жасыл желектерді суаруға арналған арнайы 11 дана жер асты ұңғымалары жұмыс істейді.

«Ақмешіт-ақпарат»



Фотожурналист, Қазақстанның құрметті журналисі Болат Омаралиев туралы «Қоғалыққолдін Құлагері» атты кітап жарыққа шықты. Бұл туралы облыстық «Сыр бойы» газеті хабарлады. Оның тұсаукесер рәсіміне автор, журналист, Қазақстанның мәдениет қайраткері Тілеген Бекарыстанов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Онғарбаев, серіктестік баспаханасының директоры Бақыт Қаюмов, «ASU» баспа үйі» ЖШС директоры Қасымхан Қыдырбаев, басты кейіпкердің бауырлары мен әріптестері қатысты.

ФОТОГРАФ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ



Серіктестік басшысы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы А.Сақыпұлы жиналғандарды алдымен Ораза айт мерекесімен құттықтап, отбасыларына амандық, елімізге тыныштық тіледі.

– Болат ағамыз да, Тілеген ағамыз да – өмір жолдары күрделі әрі көпке өнеге боларлық жандар. Қос азамат бүгін «Тұмар» баспасының жаңа жобасының алғашқы авторы және кейіпкері ретінде төрімізде отыр. Кітап баспа тарапының демеушілігімен жарыққа шықты. Бұл жоба арқылы оқылмды кітап пен оқырман арасын жақындату мәселесі шешілсе деген ойымыз бар. Алдағы уақытта игі дәстүр жалғасын таппақ. Біз кітап шығару арқылы кітап бизнесін дамытудан бөлек, оқырманды тәрбиелеп, қалыптастыруға үлес қосқанымыз келеді, – деді ол.

Баспа нарығында ширек ғасырлық тарихы бар «Тұмар» баспасының соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталуы кітап өндірісін дамытуға мүмкіндік береді. Онда жарық көрген

«Қоғалыққолдін Құлагері» кітабы Болат ағаның балалық шағынан бастап осы күнге дейінгі өмірі мен еңбек жолынан сыр шертеді.

– Бала күнімнен сурет салуға құмар болдым. Мені фотоөнерге алып келген осы құмарлығым болса керек. Алғашқы фототүюім он бес жасымда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланды, – деді Болат ағамыз.

Сырдария ауданындағы Қоғалыққол ауылының тумасы 1969 жылдан бастап аталған басылымда еңбек етіп, 2014 жылы зейнеткерлікке шықты. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» газеттері ұйымдастырған фотоконкурстардың лауреаты. Ресей, Польша, Украинада бизнесін дамытудан бөлек, оқырманды тәрбиелеп, қалыптастыруға үлес қосқанымыз келеді, – деді ол.

«Ақмешіт-ақпарат»

Отбасы – адамзат баласының дүниеге шығу етіп келгенде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ер жететін, тәрбие алатын аса қажетті әрі қасиетті алтын бесігі. 15 мамырда бүкіл әлем жұртшылығы халықаралық отбасы күнін атап өтеді. Бұл күнді 1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Ассамблеясы бекіткен.

ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ – ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиал қорында сақталған құжаттарына шолу жасағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы №4176 «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия туралы» Жарлығына, облыс әкімінің 1999 жылғы 18 наурыздағы №32 шешіміне сәйкес барлық аудандарда комиссиялар құрылып, бүкіл облыс бойынша әртүрлі іс-шаралар өткізген: Бұл ретте жағдайы төмен отбасына қамқорлық жасау, бала-бақшалар жағдайын жақсарту, отбасындағы тәрбиеге байланысты мәселелер, салауатты өмір салтын қалыптастыру, үлгілі отбасыларды анықтау және насихаттау, отбасылық қарым-қатынас негіздері бойынша жұмыс жасалып келеді. Облыс әкімінің 2005 жылғы 4 шілдедегі №72 шешіміне сәйкес «Отбасы және әйелдер істері жөніндегі облыстық комиссия» қайта құрылған. Комиссияның негізгі функцияларында отбасының, әйелдер мен балалардың қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі нақты жағдайы мәселелері жөніндегі ақпараттық базаны қалыптастыру болды.

Отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында көпбалалы отбасыларды қатыстырып «Отбасы – қоғамның тірегі» атты дөңгелек үстел өткізіліп, пікір алысу барысында қоғамдағы отбасының орны, ұрпақ тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі жөніндегі ұсыныстар айтылған. «Шаңырақ шаттығы» өнегелі отбасыларын марапаттау туралы құжаттар архив қорында сақтаулы.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық комиссияның 10 жылдығына орай аудандарда «Өнегелі отбасы – ұлт қазынасы» атты байқау ұйымдастырылған. 2009 жылдың 15-22 мамыр аралығында «Қазақстандық отбасының апталығы» өткізілген. Апталықты ұйымдастыру барысында түрлі көпшілік мәдени шаралар, байқаулар, акциялар ұйымдастырылды. Апталық Сондай-ақ «Отбасы – қоғам негізі» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылған. 2010 жылы Халықаралық отбасы күніне орай үнемі «Жас отбасы», «Бақытты отбасы», «Отбасым – мақтанышым» атты шығармашылық, колорен, сурет салу байқаулары, тұрақты хабарлар мен бағдармалар, 2011 жылы «Ананьин ақ сүтімен сіңетін ана тілі» атты тақырыпта ұлттық-мәдени орталықтармен мерекелік шара ұйымдастырылғаны туралы мәліметтер архив қорынан табылады.

Гүлнар МЕНЕЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ
қоғамдық-саяси тарихы бойынша
филиалының архивісі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

